

Арнайы қалалық жәрдемақы туралы

Күшін жойған

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі I сайланған XXV сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1999 жылғы 11 маусымда N 59 тіркелді. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс III сессиясының 2007 жылғы 11 қазандағы N 16 шешімімен

Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс III сессиясының 2007 жылғы 11 қазандағы N 16 шешімімен

"Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдік беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының»кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z990374_ Қазақстан Республикасының»Заңына сәйкес және тұтыну бағалары индексінің өсуіне байланысты халықтың аз қамтамасыз етілген жіктеріне (зейнеткерлерге) әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында I сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. 1999 жылғы 1 мамырдан бастап Алматы қаласының аумағында тұрақты тұратын және арнайы мемлекеттік жәрдемақы алу құқығы жоқ тұлғалардың тізбесіне енбеген зейнеткерлерге айлық есептемелік көрсеткіштің 0,5 көлемінде арнайы қалалық жәрдемақы белгіленсін.

2. Қалалық қаржы басқармасы (Қ.Қ.Тәжібаев) арнайы қалалық жәрдемақы төлеу жөнінде шығындарды ескеріп, оларды жабу көздерін анықтасын.

3. Алматы қаласының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті арнайы қалалық жәрдемақы туралы Ережені әзірлеп, оны Алматы қаласының қаржы басқармасымен келісетін болсын.

Алматы қаласының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік

қорғау департаменті 1999 жылдың 20 мамырына дейін арнайы қалалық жәрдемақы тағайындауды аяқтасын және 1999 жылғы 1 маусымнан оның төлеуді қамтамасыз етсін.

4. I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының "Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру тәртібі туралы" 1997 жылғы 7 сәуірдегі XIY сессиясы шешімінің күші жойылған деп танылсын.

Мәслихаты ХХҮ сессиясының
төрайымы

I сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК